Трудовая функция 4 – Исследовательская, предполагает изучение уровня усвоения обучающимися содержания образования, исследование образовательной среды и предусматривает среди прочих определенные умения и навыки. Так, например, на подуровне 6.1 – «использует методы и приемы совместной с коллегами рефлексии в контексте исследования инклюзивной практики, позволяющие совершенствовать учебный процесс, ориентируясь на личность каждого ученика с ограниченными возможностями» и др.

Трудовая функция 5 – Социально-коммуникативная, предполагающая осуществление взаимодействия с профессиональным сообществом и со всеми заинтересованными сторонами образования. Так, например, на подуровне 5.1 предусматривается знание «основ психологии общения и профессиональной коммуникации с коллегами, родителями и детьми с ограниченными возможностями», на подуровне 6.1 – «самостоятельно инициирует инновационные идеи, объединяющие стейкхолдеров образования (различные ассоциации родителей, общества инвалидов, профессиональные объединения специальных педагогов и дефектологов, ассоциации и т.д.)».

Анализ выявленных проблем подготовки специальных педагогов к работе в условиях инклюзивного образования позволил нам определить некоторые педагогические рекомендации:

1. Трансформация содержания профессиональной подготовки специального педагога должна происходить путем как можно более раннего включения в практическую деятельность, а также ориентированности содержания учебных дисциплин на предстоящую профессиональную деятельность в условиях инклюзивного образования.

2. Вузам, осуществляющим подготовку специальных педагогов, целесообразно при разработке модели выпускника, разработке образовательных программ по «Специальной педагогике», целесообразно ориентироваться на проект Карточки профессии «Специальный педагог», в которой описаны новые компетенции, обеспечивающие в последующем возможность успешной работы с разными категориями детей в инклюзивных организациях.

3. Разрабатываемая в вузах в условиях академической свободы модель подготовки специального педагога должна предусматривать спектр компетенций в сфере информационных коммуникаций, педагогического взаимодействия и консультирования, конструирования специальных условий и образовательной среды, адаптации учебно-методических комплексов и многое другое.

4. Необходимо внести изменения в Приказ № 338 «Об утверждении Типовых квалификационных характеристик должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц» в пунктах, описывающих функциональные обязанности и компетенции «дефектолога /специального педагога (в том числе, олигофренопедагога, логопеда, тифлопедагога, сурдопедагога)», включив обновленные квалификационные, инклюзивно ориентированные, требования. Соответственно, следует обеспечить соответствие разрабатываемых в вузах образовательных программ указанным квалификационным требованиям.

Выводы. В настоящее время в стране ведется активная работа по внедрению инклюзивной процессов на всех уровнях, проходит систематическое обучение педагогических кадров по созданию специальной образовательной среды для детей с ограниченными возможностями, повышению их квалификации и переквалификации по вопросам обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями в общеобразовательном процессе, формированию базы знаний о деятельности специальных педагогов в инклюзивных организациях и др. Однако реализация данного подхода

сопровождается рядом трудностей, связанных с недостаточной инклюзивной компетентностью специальных педагогов, которым зачастую не хватает практических умений для организации психолого–педагогического сопровождения учащихся с ограниченными возможностями в инклюзивных дошкольных и школьных организациях образования и организации междисциплинарной команды специалистов по включению детей с различными нарушениями развития в общеобразовательный процесс. У них недостаточно сформированы навыки по привлечению родителей, общественных организаций и других заинтересованных лиц в инклюзивный процесс, недостаточно эффективных инструментов, методов и средств поддержки процесса включения детей с ограниченными возможностями в общее образование и др., что обусловлено малым количеством инклюзивно ориентированных учебных дисциплин в высших учебных заведениях.

В заключении можно отметить, что разработанная нами Карточка профессии «Специальный педагог», переданная для рассмотрения в Национальную палату предпринимателей «Атамекен», может стать новым и эффективным способом упорядочения работы специального педагога в специальных и инклюзивных организациях образования.

Информация о финансировании. Данная статья выполнена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан по теме BR18574162 «Инклюзивно ориентированная подготовка специальных педагогов».

ЛИТЕРАТУРА:

1 **Профессионального стандарта «Педагог».** Приказ и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 15 декабря 2022 года № 500. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 19 декабря 2022 года № 31149 [Электронный ресурс] // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149> (дата обращения 23 декабря 2023).

2 **Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы.** Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988. [Электронный ресурс] // https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_ (дата обращения 23 декабря 2023).

3 **Послание президента Республики Казахстан – лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана стратегия «Казахстан-2050» – Новый политический курс состоявшегося государства, 14 декабря 2012 года** [Электронный ресурс] // https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_ (дата обращения 23 декабря 2023).

4 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://news.mail.ru/society/47305162/?social=fb&fbclid=IwAR31Fbb7sWgfe1C8iPM0GoRhoMRqbf1Qe0JbaGK5Lxntnt77EoEeoLU4T60>. (дата обращения 23 декабря 2023).

5 **Маллаев Д.М. Современные вызовы образовательных парадигм и их влияние на развитие дефектологической науки и профессиональной подготовки** [Текст] / Д.М. Маллаев // Известия ДГПУ. – 2017. – Т. 11. № 4.– С. 98-101.

6 **Калининченко А.В. Становление высшего дефектологического образования в России в XX веке – первом десятилетии XXI века** [Текст] / А.В.: Калининченко. – Благовещенск. – 2014. – 193 с.

7 **Подымовой Л.С., Слостенина В.А. Педагогика: учебник и практикум для академического бакалавриата** [Текст] автореф. докт. пед.наук / Л.С. Подымовой, В.А. Слостенина. – Москва. Издательство Юрайт. 2024. – 227 с.

8 **Деркач А.А., Зазыкин В.Г., Маркова А.К. Психология развития профессионала** [Текст] / А.А. Деркач, В.Г. Зазыкин, А.К. Маркова. – М.: РАГС. 2000. – 124 с.

9 **Зеер Э.Ф. Психология профессионального развития** [Текст]: учебное пособие / Л.М. Митина. – Издательство Юрайт. 2024. – 234 с.

10 **Митина Л.М. Психологическая подготовка учителя** [Текст]: учебное пособие / Л.М. Митина. – Юрайт. 2020. – 216 с.

11 **Taruq A.M. (2017). Challenges of Inclusive Educational Reforms in Asian Countries** [Text] / A.M. Taruq // Asian Journal of Inclusive Education, 2017. – 5(1). – 1–4 p.

12 **Kaur A., Noman M., Awang-Hashim R. (2016). Exploring Strategies of Teaching and Classroom Practices in Response to Challenges of Inclusion in a Thai School: A Case Study** [Text] / A. Kaur, M., Noman R., Awang-Hashim // International Journal of Inclusive Education, 2016, – 20(5). – 474–485. DOI: 10.1080/13603116.2015.1090489.

13 **Яковлева И.М. Формирование профессиональной компетентности учителя-олигофренопедагога в системе непрерывного педагогического образования** [Текст]: автореф. докт. пед. наук / И.М. Яковлева. – Москва. 2010. – 46 с.

14 **Агавелян Р.О. Эмпатия как фактор психоло-педагогической готовности дефектолога к профессиональной деятельности** [Текст]: автореф. канд. психол. Наук / Р.О. Агавелян. – М.1995. – 16 с.

15 **Сергеева А.И. Современные тенденции профессиональной подготовки дефектологов в вузе** [Текст] / А.И. Сергеева. – Вестник ТГПУ. – 2019. – №3. – С. 84-91.

16 **Сергеева А. И. Нейропсихологический подход в работе с гиперактивными детьми в подготовке будущих бакалавров специальной педагогики** [Текст] / А.И. Сергеева // Современные аспекты логопедической теории и практики: Материалы IX Всероссийской заочной научно-практической конференции. – Томск: ЦНТИ. – 2019, – С. 144–147.

17 **Шумилова Е.А., Чернышенко Н.С. Профессиональный портрет педагога – компонент бренда инклюзивной дошкольной образовательной организации. Гуманитарные технологии в современном мире** [Текст] / Е.А. Шумилова. Н.С. Чернышенко // Материалы VIII Международной научно-практической конференции: в 2 ч. Калининград. – 2020. – С. 421–424.

18 **Zulfiya A. Movkebayeva, Indira A. Oralkanova, Bagdat M. Mazhinov, Aitolkyn B. Beisenova, Oksana G. Belenko Model of Formation for Readiness to Work within Inclusive Education in Teachers** [Текст] / Zulfiya A. Movkebayeva, A. Indira Oralkanova, M. Bagdat Mazhinov, B. Aitolkyn Beisenova, Oksana G. Belenko // International Journal Of Environmental & Science Education. – 2016. – VOL 11. – 4680-4689 pp.

19 **Дузелбаева А.Б., Мовкебаева З.А., Хамитова Д.С., Дюсенбаева Б.А. Инклюзивті білім беру жағдайын-да мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге арнайы педагогтарды дайындаудың қазіргі жағдайы** [Текст] / А.Б. Дузелбаева // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдар» сериясы, – 2023, – №.1(77), – б. 255-266.

20 **Дузелбаева А.Б. An exploratory analysis of socio-legal factors related to the distance education learning environment: the case of disabled in Kazakhstan: sociopractical and legal dimensions** [Текст] / А.Б. Дузелбаева // Journal of Legal Ethical and Regulatory Issues (JLERI), Print ISSN: 1544-0036; Online ISSN: 1544-0044) – Volume 23, Special Issue, – 2020. – P. 1-10. Scopus.

21 **Методические рекомендации по разработке требований к профессиональной компетенции учителей, работающих в условиях инклюзивного образования** [Текст]: Астана: НАО имени И. Алтынсарина. – 2015. – 32 с.

22 [Электронный ресурс] // <https://24.kz/ru/news/obrazovanie-i-nauka/item/358998-professionalnye-standarty-dlya-vuzov-i-kolledzhej-vnedryat-v-rk> (дата обращения 23 декабря 2023).

23 **Типовые квалификационные характеристики должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц.** Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 13 июля 2009 года № 338 [Электронный ресурс] // https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_ (дата обращения 23 декабря 2023).

24 **Отраслевая рамка квалификации сферы образования**, утвержденная протоколом №2 заседания отраслевой трехсторонней комиссии по социальному партнерству и регулирование социальных и трудовых отношений при МОН РК от 23 ноября 2016 года [Электронный ресурс] // <https://old2.kspi.kz/files/documents/3-27-2019-otrasl-ramka-obraz.pdf>. (дата обращения 23 декабря 2023).

REFERENCES:

1 **Professional'nyj standart «Pedagog». Prikaz i.o. Ministra prosveshheniya Respubliki Kazahstan ot 15 dekabrya 2022 goda № 500.** Zaregistrovan v Ministerstve yusticii Respubliki Kazahstan 19 dekabrya 2022 goda № 31149 [Professional standard "Teacher". Order of the Acting Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated December 15, 2022 No. 500. Registered with the Government of the Republic of Kazakhstan on December 19, 2022 No. 31149]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149> (accessed 23 December 2023). (In Russian).

2 **Gosudarstvennaya programma razvitiya obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan na 2020-2025 gody.** Utverzhdena postanovleniem Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 27 dekabrya 2019 goda № 988. [The State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025. Approved by the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 No. 988.]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750> (accessed 23 December 2023). (In Russian).

3 **Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan – Lidera nacji Nursultana Nazarbaeva narodu Kazahstana «Strategiya «Kazahstan-2050»: novyj politicheskij kurs sostoyavshegosya gosudarstva»** [Address of the President of the Republic of Kazakhstan – The leader of the nation N.A.Nazarbayev to the people of Kazakhstan strategy "Kazahstan-2050" – The new political course of the well established state, December 14, 2012]. Available at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_ (accessed 23 December 2023). (In Russian).

4 Electronic resource. Available at: <https://news.mail.ru/society/47305162/?social=fb&fbclid=IwAR31Fbb7sWgfe1C8iPM0GoRhoMRqbf1qe0jbagk5lxntnt77eoeolu4t60> (accessed 23 December 2023) (in Russian).

5 **Mallaev D.M. Sovremenny'e vy'zovy' obrazovatel'nyh paradigmi i ih vliyanie na razvitie defektologicheskoy nauki i professional'noj podgotovki** [Modern challenges of educational paradigms

and their impact on the development of defectological science and vocational training]. *Izvestiya DGPU*, 2017, vol. 11, no. 4, pp. 98-101. (In Russian).

6 **Kalinichenko A.V. Stanovlenie vy'sshego defektologicheskogo obrazovaniya v Rossii v XX veke – pervom desyatiletii XXI veka** [The introduction of higher defectologic education in Russia in the XX century – the first decade of the XXI century]. Blagoveshchensk, 2014, 193 p. (In Russian).

7 **Podymovoj L.S., Slastenina V.A. Pedagogika: uchebnik i praktikum dlya akademicheskogo bakalavriata** [Pedagogy: textbook and workshop for academic bachelor's degree program]. Abstract of Doctor's degree dissertation, Moscow, Izdatel'stvo Yurajt, 2024, 227 p. (In Russian).

8 **Derkach A.A., Zazykin V.G., Markova A.K. Psihologiya razvitiya professionala** [Psychology of professional development]. Moscow, RAGS, 2000, 124 p. (In Russian).

9 **Zeer E.F. Psihologiya professional'nogo razvitiya** [Psychology of professional development]. Izdatel'stvo Yurajt, 2024, 234 p. (In Russian).

10 **Mitina L.M. Psihologicheskaya podgotovka uchitelya** [Psychological training of a teacher]. Yurajt, 2020, 216 p. (In Russian).

11 **Taruq A.M. Challenges of inclusive education reforms in Asian countries. Asian Journal of Inclusive Education**, 2017, 5(1), pp. 1-4. (In Turkish).

12 **Kaur A., Noman M., Awang-Hashim R. The study of teaching strategies and classroom practices in response to the problems of inclusion in Thai schools: a case study. International Journal of Inclusive Education**, 2016, 20(5), pp. 474-485. DOI: 10.1080/136031 dated 16.2015.1090489. (In Indian).

13 **Yakovleva I.M. Formirovanie professional'noj kompetentnosti uchitelya-oligofrenopedagoga v sisteme nepreryvnogo pedagogicheskogo obrazovaniya** [Formation of professional competence of an oligophrenopedagogical teacher in the system of continuous pedagogical education]. Abstract of Doctor's degree dissertation, Moscow, 2010, 501 p. (In Russian).

14 **Agavelyan R.O. E'mpatiya kak faktor psiholo-pedagogicheskoy gotovnosti defektologa k professional'noj deyatel'nosti** [Empathy as a factor of psychological and pedagogical readiness of a defectologist for professional activity]. Abstract of PhD thesis, Moscow, 1995, 16 p. (In Russian).

15 **Sergeeva A.I. Sovremennyye tendencii professional'noj podgotovki defektologov v vuze** [Modern trends in professional training of defectologists in higher education]. *Vestnik TGPU*, 2019. no. 3. pp. 84-91. (In Russian).

16 **Sergeeva A.I. Nejropsihologicheskij podhod v rabote s giperaktivnymi det'mi v podgotovke budushhih bakalavrov special'noj pedagogiki** [Neuropsychological approach in working with hyperactive children during the preparation of future bachelors in Special Education]. *Sovremennyye aspekty logopedicheskoy teorii i praktiki: Materialy IX Vserossijskoj zaochnoj nauchno-prakticheskoy konferencii*, Tomsk, CNTI, 2019, pp. 144 – 147. (In Russian).

17 **Shumilova E.A., Chernyshenko N.S. Professional'ny'j portret pedagoga – komponent brenda inklyuzivnoj doskol'noj obrazovatel'noj organizacii. Gumanitarnye tehnologii v sovremennom mire** [Professional portrait of a teacher is a component of the brand of an inclusive preschool educational organization. Humanistic technologies in the modern world]. *Materialy VIII Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii: v 2 ch.*, Kaliningrad, 2020. (In Russian).

18 **Zulfiya A. Movkebayeva, Indira A. Oralkanova, Bagdat M. Mazhinov, Aitalyn B. Beisenova, Oksana G. Belenko. Model of formation of teachers' readiness to work in the framework of inclusive education. International Journal of Environmental and Scientific Education**, 2016, vol. 11, pp. 4680-4689.

19 **Duzelbaeva A.B., Movkebaeva Z.A., Khamitova D.S., Dyusenbayeva B.A. Inklusiviti bilim beru zhagdayyn-da mumkindigi shekteuli balalardi psihologiyalyk-pedagogikalyk suyemeldeuge arнай pedagogtardy dajindaudyn kazirgi zhagdajy** [The current state of training special educators for psychological and pedagogical support of children with disabilities in the context of inclusive education]. *Abai atyndagy KazUPU-"Khabarshysy "Pedagogy of gylymdary" seriyasy*, 2023, no.1(77), pp. 255-266. (In Kazakh).

20 **Duzelbaeva A.B. Research analysis of socio-legal factors related to the distance learning environment: the case of people with disabilities in Kazakhstan: socio-practical and legal aspects. Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues (JLERI)**, vol. 23, special issue, 2020, pp. 1-10, available at: <https://www.abacademies.org/articles/an-exploratory-analysis-of-sociolegal-factors-related-to-the-distance-education-learning-environment-the-case-of-disabled-learners-9606.html>. (accessed 23 December 2023).

21 **Metodicheskie rekomendacii po razrabotke trebovanij k professional'noj kompetencii uchitelej, rabotayushhih v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya** [Methodological recommendations for the development of requirements for the professional competence of teachers working in inclusive education]. Astana, NAO named after I. Altynsarin, 2015, 32 p. (accessed 23 December 2023).

22 Electronic resource. Available at: <https://24.kz/ru/news/obrazovanie-i-nauka/item/358998-professionalnye-standarty-dlya-vuzov-i-kolledzhej-vnedryat-v-rk> (accessed 23 December 2023).

23 **Tipovy'e kvalifikacionny'e harakteristiki dolzhnostej pedagogicheskikh rabotnikov i priravnenny'h k nim lic. Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 13 iyulya 2009 goda № 338** [Typical qualification characteristics of positions of teaching staff and persons equated to them. Order

of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated July 13, 2009, No. 338]. Available at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_ (accessed 23 December 2023). (In Russian).

24 **Otraslevaya ramka kvalifikatsii sfery' obrazovaniya, utverzhennaya protokolom №2 zasedaniya otraslevoj trehstoronnej komissii po social'nomu partnerstvu i regulirovaniye social'ny'h i trudovy'h otnoshenij pri MON RK ot 23 noyabrya 2016 goda** [The sectoral framework of educational qualifications approved by Protocol No. 2 of the meeting of the sectoral Tripartite Commission on social Partnership and regulation of social and labor relations under the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated November 23, 2016]. Available at: <https://old2.kspi.kz/files/documents/3-27-2019-otrasl-ramka-obraz.pdf> (accessed 23 December 2023).

Сведения об авторах:

Мовкебаева Зульфия Ахметвалиевна – доктор педагогических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Аль-Фараби 53, тел.: 87771962214, e-mail: zmovkebaewa@mail.ru.

Дюсенбаева Бибигуль Амангельдиновна – магистр, Северо-Казахстанский университет имени М.Козыбаева, Республика Казахстан, 150000, г. Петропавловск, Абая 94-42, тел.: 87779777028, e-mail: bibigul-68-68@mail.ru.*

Мовкебаева Зульфия Ахметвалиевна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ, Әл-Фараби көш, 53, тел.: 87771962214, e-mail: zmovkebaewa@mail.ru.

Дүйсенбаева Бибигуль Амангельдиновна – магистр, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 150000, Петропавл қ., Абай 94-42, тел.: 87779777028, e-mail: bibigul-68-68@mail.ru.*

Movkebayeva Zulfiya Akhmetvaliyevna – Doctor of Pedagogy, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, tel.: 87771962214, e-mail: zmovkebaewa@mail.ru.

Dyussenbayeva Bibigul Amangeldinovna – Master of Education, M.Kozybayev North Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 150000, Petropavlovsk, tel.: 87779777028, e-mail: bibigul-68-68@mail.ru.*

FTAMP 14.29.01

ОӘЖ 37.042.2

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_3_236

АТА-АНАЛАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДЕГІ СЕРІКТЕСТІГІ

Мусирова Г.Б. – педагогика және психология білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ, Қазақстан Республикасы.*

Тәуекелова А.Е. – педагогика және психология білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ, Қазақстан Республикасы.

Ақылбекова Э.А. – бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ, Қазақстан Республикасы.

Сейдина Б. З. – бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ, Қазақстан Республикасы.

Мақалада инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселесіндегі ата-аналардың орны мен маңыздылығына ерекше көңіл бөлінеді. Денсаулық мүмкіндіктері шектелген балалар ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың сандық және сапалық көрсеткіштеріне әсер етеді, жаһандық көлемдегі мәселе біздің елімізде де таралған. Ерекше назарды талап ететін балада ата-анасына тәуелділік жоғары, сондықтан олардың өзара қарым-қатынасының, қолдауының дұрыс болғаны баланың өмірінде баға жетпес жағдай. Осындай отбасыларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек қажет екендігі мақалада талданған.

Зерттеу мақсаты инклюзивті білім беру жағдайындағы балалары бар ата-аналардың сүйемелдеудегі серіктестігінің мәселесін анықтау.

Тапсырмасы: инклюзивті білім беру жағдайындағы баласы бар ата-аналардың оңалту әлеуетінің маңыздылығын зерттеу, баланы сүйемелдеудегі ықпалын талдау. Ата-аналардың инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудегі серіктестігінің тиімділік болжамы көрсетілген. Инклюзивті білім беру жағдайында балаға ата-аналарының жағымды әсері әлеуметтік ортамен қатынасын оңтайландыратындығы қортындыланды.

Өркениетті мемлекеттің бекітілген заңдылықтарын іске асыру психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің инклюзивті білім беру жағдайындағы мағыналығы арта түсуде. Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім беру бағдарламасын сәтті түрде меңгеру жолында оларды барынша дамыту заманауи білім беру саласында өзекті мәселелердің қатарында.

Түйінді сөздер: ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, ата-аналар, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, мүмкіндіктер, ерекшеліктер, даму, түзету.

ПАРТНЕРСТВО РОДИТЕЛЕЙ В ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОМ СОПРОВОЖДЕНИИ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Мусирова Г.Б.* – старший преподаватель образовательный программы педагогики и психологии, Аркалыкский педагогический институт им. И.Алтынсарина, Республика Казахстан.

Таукелова А.Е. – старший преподаватель образовательный программы педагогики и психологии, Аркалыкский педагогический институт им. И.Алтынсарина, Республика Казахстан.

Акылбекова Э.А. – старший преподаватель образовательный программы педагогика и методика начального обучения, Аркалыкский педагогический институт им. И.Алтынсарина, Республика Казахстан.

Сейдина Б.З. – старший преподаватель образовательный программы педагогика и методика начального обучения, Аркалыкский педагогический институт им. И.Алтынсарина, Республика Казахстан.

В статье особое внимание уделяется месту и значимости родителей в вопросе психолого-педагогического сопровождения в условиях инклюзивного образования. Дети с ограниченными возможностями здоровья оказывают влияние на количественные и качественные показатели учащихся с особыми образовательными потребностями, проблема глобального масштаба распространена и в нашей стране.

Ребенок, требующий особого внимания, сильно зависит от своих родителей, поэтому их правильное отношение и поддержка неоценимы в жизни ребенка. В статье анализируется необходимость комплексной психолого-педагогической помощи таким семьям.

Цель исследования раскрыть проблему партнерства в сопровождении родителей с детьми в условиях инклюзивного образования.

Задача: изучить значимость реабилитационного потенциала родителей с детьми в условиях инклюзивного образования, проанализировать влияние на сопровождение ребенка. Показан прогноз эффективности партнерства родителей в психолого-педагогическом сопровождении в условиях инклюзивного образования. Было отмечено, что в условиях инклюзивного образования положительное влияние родителей на ребенка оптимизирует отношения с социальной средой.

Реализация закреплённых закономерностей цивилизованного государства приобретает все большее значение деятельности психолого-педагогического сопровождения в условиях инклюзивного образования. Максимальное их развитие на пути успешного освоения общеобразовательной программы с учетом индивидуальных особенностей каждого ребенка входит в число актуальных вопросов в сфере современного образования.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, родители, психолого-педагогическое сопровождение, возможности, особенности, развитие, коррекция.

PARENT PARTNERSHIP IN PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT IN THE CONTEXT OF INCLUSIVE EDUCATION

Mussirova G.B.* – Senior Lecturer of the Pedagogy and psychology educational program, Arkalyk I. Altynsarin Pedagogical Institute, Republic of Kazakhstan.

Taukelova A.Y. – Senior Lecturer of the Pedagogy and psychology educational program, Arkalyk I. Altynsarin Pedagogical Institute, Republic of Kazakhstan.

Akylbekova E.A. – Senior Lecturer of the Pedagogy and primary education methods educational program, Arkalyk I. Altynsarin Pedagogical Institute, Republic of Kazakhstan.

Seidina B.Z. – Senior Lecturer of the Pedagogy and primary education methods educational program, Arkalyk I. Altynsarin Pedagogical Institute, Republic of Kazakhstan.

The article pays special attention to the place and importance of parents in the psychological and pedagogical support in the context of inclusive education. Children with disabilities have an impact on the quantitative and qualitative indicators of students with special educational needs, a global problem is widespread in our country. A child requiring special attention is highly dependent on their parents, making their proper attitude and support invaluable in the child's life. The article analyzes the need for comprehensive psychological and pedagogical assistance for such families.

The purpose of the study is to address the issue of partnership in supporting parents with children in the context of inclusive education.

Task: to study the importance of the rehabilitation potential of parents with children within an inclusive education environment, to analyze the impact on child support. The study highlights the forecast for the effectiveness of parent partnerships in psychological and pedagogical support within inclusive education. It was noted that in an inclusive setting, positive parental influence on the child optimizes their relationship with the social environment.

The implementation of established patterns in a civilized state increasingly emphasizes the importance of psychological and pedagogical support in inclusive education. Maximizing this development, while ensuring the successful completion of the general education program tailored to the individual characteristics of each child, is among the key issues in modern education.

Key words: children with special educational needs, parents, psychological and pedagogical support, opportunities, features, development, correction.

Кіріспе

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1989 жылы қабылданған Бала құқықтары туралы Конвенциясын 196 ел ратификациялады, оған сәйкес қатысушы мемлекеттер әр балаға тиесілі прогресстен түскен жемісті пайдалана алуын қамтамасыз етуге міндетті, осылайша олардың даму құқықтары мен мүмкіндіктерін іске асыруға жәрдем көрсетіледі және әр баланың отбасылық ортасы қолайлы болуы көзделеді [1].

Қазақстан халқының шамамен 34% – ы 18 жасқа толмаған жас ел. Ресми мәліметтерге сәйкес, елде ерекше білім беру қажеттіліктері бар 188000-нан астам бала бар және олардың саны жыл сайын артып келеді [2, 285 б.].

Отбасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың болуы әрқашан үлкен стресс. Қазіргі заманғы арнайы сала ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала мен оның отбасын дамытуға байланысты өзінің пәндік салаларын терең және жан-жақты бағыттауды көздейді. Алайда, әр отбасы «ерекше» баланы тәрбиелеу жолында кездесетін кедергілер мен қиындықтар кешенін өз бетінше жеңе бермейді. Олар білікті психологиялық-педагогикалық қолдауды, консультацияларды, практикалық ұсыныстарды қажет етеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеп отырған отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету қажеттілігі олардың ерекше жағдайларымен, отбасыларында күнделікті кездесетін көптеген мәселелерге байланысты. Ата-аналар мұндай көмек түрлерін әртүрлі жерлерде қабылдай алады, мысалы, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда, мектеп және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, ерте көмек көрсету орталықтарында, сондай-ақ инклюзивті және қосымша білім беру ұйымдарында.

Бүгінгі таңда еліміздің өте өзекті жағдайларының бірі – қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді ұйымдастыру болып табылады.

Сонымен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау процесі – бұл психологтардың, педагогтердің, арнайы педагогтердің, логопедтердің осы санаттағы баланың жас және жеке қажеттіліктеріне, даму деңгейіне және оның денсаулық жағдайына сәйкес оңтайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін отбасында, міндетті және қосымша білім беру жүйесінде өзара әрекеттесуінің ұйымдастырылған мақсатты жүйесі болып табылады.

Avramidis E., Bayliss Ph., Burden R. [3] Егорова Е.В., Сергеева Н.В., Култаев Д.Х [4, 87 б.] авторлар баламен қарым-қатынас кезінде ата-аналарының мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне, онымен қарым-қатынас тәсіліне, тәрбиеге ерекше мән беру мақсатында көптеген проблемаларға ерекше назар аудару қажет дейді.

Каримова Б., Усманова Х. [5] ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың туылуы отбасы үшін ең терең стресс екенін атап өте келе, «Ерекше» бала тәрбиесі ата-ана үшін өте маңызды, себебі «ерекше» баланың ата – анасы екендігін мойындап оны қабылдау өте ауыр және қиын дейді. Осының салдарынан отбасындағы қарым – қатынастардың сипаты, ата – аналардың көзқарасы мен ұстанымы өзгереді, қоршаған шындыққа теріс пікір қалыптасады, көп жағдайда өмірге деген сенімсіздік көзқарас туындайды. Онсызда көңіл – күйдің жоқтығы байқалған отбасында, үздіксіз баруды қажет ететін түзету мен оңалту шаралары және материалдық шығындар, қиындықтар қосылып мүлдем жағдайды күрделендіріп жібереді.

Э. Кюблер-Росс [6, 18 б.] қабылдаудың келесі кезеңдерін ажыратады: бас тарту, ашулану, саудаласу немесе мәмлеге келу, депрессия, қабылдау. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы

тәрбиелеп отырған отбасы үшін медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңыздылығын атап өтеді. Сонымен қатар, автор медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдау негізінде баланың диагнозын қайғы-қасірет кезеңдерімен анықтау, алдыңғы кезеңде жоспарланған іс-әрекеттерді жүзеге асыру және оларды бағалау үшін жағдайға қарай мамандандырылған құралдарды пайдалану арқылы баланың тәрбиеленуіне үлкен мән берілу керектігін айтады.

Козачек О.В., Банченко О.Д. [7] ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың отбасында болатын және бірнеше деңгейде көрінетін сапалық ерекшеліктерді зерттеген, олар: соматикалық, әлеуметтік, психологиялық.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың жағдайын талдау көздері, бізге көбінесе еліміздегі инклюзивті қоғамның дамуы үдерісінде [8] ата-аналардың баласының ауруы немесе дамуындағы қандай да бір кемшіліктері, ықтимал салдары, емдеу әдістері мен әлеуметтік қолдау, оңалту және т.б. қажеттіліктері туралы толық ақпараттармен қамтылмағандықтарын көрсетеді.

Ата-аналар мен бала кез – келген қолайсыз сыртқы факторларға қарсы тұратын және өзара әрекеттесетін бірыңғай динамикалық жүйені құруы керек. Персиянова Н., Адамчевская И. өз еңбектерінде [9, 19 б.] бұл жүйенің кез-келген компонентінің әлсіреуі олардың өмірлерінің әлсіреуіне әкелетінін айтады.

Сол себепті ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруда міндетті түрде олардың ата-аналарына да психологиялық-педагогикалық көмек көрсетілуі тиіс деген қорытынды жасауға болады.

Қолайлы эмоционалды отбасылық атмосфераны құру, сондай-ақ ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру, осы санаттағы балалардың оңалту әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік береді және жүйелі түзету жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал етеді.

Егер ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың сәтті интеграциялау жүзеге асырылған болса, тиісті жоспарлау мен оқыту әдістемесі сай келетін міндетті білім беру жүйесіне осы санаттағы балаларды кіріктіру мүмкіндіктері өте жоғары. Біздің ойымызша, инклюзивті білім беру ұйымдары дені сау құрдастарымен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қарым-қатынасы үшін байланыстырушы буын бола алады.

Қазақстан заңнамасында ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін үдерісі инклюзивті білім беру болып саналады [10], бұл дегеніміз ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, стандартты бағдарламалар бойынша жалпы білім беру мекемесіндегі құрдастарының ортасында оқытуды қамтамасыз ететін арнайы ұйымдастырылған жұмыс жүргізу.

Бұл процестегі басты құндылық, ол құрдастарымен бірге алынған білім және әлеуметтік тәжірибе.

Сонымен, баланың академиялық білімін дамытумен қатар оның әлеуметтік тәжірибесін дамыту, мәдениетке кіріспе және әлеуметтенудің сәттілігі инклюзивті білім берудің тиімділігінің негізгі критерийлері болып табылады.

Инклюзивті білім берудің интегративті білім беруден айырмашылығы, білім беру ортасын баланың жеке ерекшеліктеріне және барлығына білім берудің қол жетімділігіне бейімдеу ғана емес, сонымен қатар ересектер мен балалар арасындағы бірлескен іс-әрекет ресурсын пайдалану: өзара көмек, өзара қолдау және өзара оқыту.

Мұндағы жетекші қағида – балалардың еріктілігі мен қызығушылығы, бұл педагогикалық қызметке деген көзқарасты өзгертеді. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру кезінде мамандардан құрылған бірнеше командалардың қатысуы ғана емес, балалардың даму ерекшеліктерін түзету, оңалту, орын толтыру мәселелерінде ата-аналардың белсенді құзыреттілігінің көрінуі өте маңызды [11].

Алипбек А.З., Балажанова Ж.Б. және басқа да авторлардың пікірінше [12] бүгінгі таңда инклюзивті білімге инновациялық тәсіл ретінде оң көзқарас нығайтылуда, ол әр баланың дамуындағы бұзушылықтың деңгейі мен түріне қарамастан, қалыпты түрде дамып келе жатқан құрдастарымен бірге оқытуды қамтамасыз етеді. Бірақ бірініші негізгі мәселе – ата-аналардың инклюзияны идеализациялауы. Ата-аналар көбінесе инклюзивті мектепке баласы барған күннен бастап, барлық қалған мәселе өздігінен шешіліп кетеді деп ойлайды. Әрине, инклюзивті білім беру ортасына келген баланың негізі мақсаты осы болып табылады және ата – аналардың да осы мақсатқа сүйенетіні орынды, дегенмен біріншіден ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы сол ортаға әлеуметтендіру және өзге құрдастарымен жағымды қарым – қатынас орнату басты ұмтылыстардың бірі болуы қажет. Ең бастысы осы санаттағы балалардың құрдастары мен ересектер қауымдастығында инклюзивті білім алуы, бұл олардың ажырамас заңнамалық бекітілген құқығы және нәтижелі әлеуметтенудің негізгі шарты болып табылады.

Сонымен қатар, ата-аналар «жабайы инклюзиядан», яғни баланы мүлдем дайын емес ортаға орналастырудан қорқады. Алайда, ата – аналар мына жағдайларды есепке ала бермейді, яғни инклюзивті мектеп – бұл жалпыға білім беретін негізгі білім беру ортасы, мұнда әр түрлі мәселелері бар

балалар білім алады және мұғалім – жалпы кәсіби маман. Тіпті инклюзивті білім беру жағдайында арнайы дайындаған білім беруге (мұғалім) және білім алуға (өзге оқушылар) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін идеалды орта болып табылмайды, себебі олар, оларды қоршаған ортаның бір бөлігі. Ескере кететін жағдай инклюзивті білім беру жағдайы қаншалықты жоғары деңгейде дайын болсада, міндетті түрде әрқашан қарым-қатынас орнатпайтын немесе қиындықтар туындататын бала және/немесе мұғалім болады. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата – аналары үшін күйзеліске ұшырайтын жағдай болмауы керек, себебі ол өмірлік шындық. Осындай жағдайларға тап болған ата – аналармен міндетті түрде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуі қажет.

Қазіргі жағдайда инклюзивті білім берудің мазмұны мен ұйымдастырушылық формаларын ашатын сұрақтарды Мовкебаева З.А. [13, 195 б.], Рымханова А.Р. [14], Нұрғалиева С. және т.б. [15, 79 б.] еңбектерінде келтірілген.

Жалпы мектептің оқу процесінде әрдайым белгілі бір себептерге байланысты оқуда қиындықтарға тап болатын өзге да балалар болады және осы балаларға да ерекше қажеттіліктер керек болатын жағдайлар туындауы мүмкін екендігін қабылдау қажет. Бұдан шығатыны, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, өзге балалар секілді қызықты істермен айналасып, жаңа дүниелер жасағылары келеді, сол себепті білім беру барлығына тең құқылы екендігін ұмытпай, олардың жалғыз немесе тасталмағандығын сезіндіру өте маңызды. Әрине, түзету балабақшаларында, арнайы интернаттарды немесе үйден оқыту жағдайындағы мамандандырылған білім беру ұйымдарында білім алған осы санаттағы балалар үшін бір жағынан өте тиімді, себебі кәсіби мамандардың білікті көмегін алады, ал екінші жағынан өзге құрдастарымен қарым-қатынастары өте шектеулі болады. Ең өкініштісі олар әлемнің толық бейнесін көре алмайды және бұл факт олардың әлеуметтенуіне және ересек өмірге бейімделуіне теріс әсер етеді. Сол себепті инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың ата – аналарын психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары міндетті түрде жүргізілуі қажет.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында логопедтің, арнайы педагогтың, психологтың жеке түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастыру туралы ата-аналардың хабардарлығын зерттеу бойынша сауалнамасы қолданылды, онда ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы өзге құрдастарының ортасына қосудың мәні анықталды және консультативтік ағартушылық жұмысы өзектендірілді.

Нәтижелер және талқылау

Эксперименттік жұмыс Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің «Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған» Арқалық қаласының түзету мектебінде жүргізілді. Тәжірибелік жұмысқа ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың 23 ата анасы қатысты.

Оқу процесінде психологиялық педагогикалық сүйемелдеу қаншалықты жүзеге асатындығын анықтау бойынша 20% жиі десе, 50% кейде деген жауап нұсқасын таңдаған, ал қалған 30% – қолданылмайды деген пікірді ұстанды (1-сурет).



1-сурет. Оқу процесінде психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу қаншалықты жүзеге асатындығын анықтау (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Сауалнама соңында өткізілген әңгіме әдісінен ата-аналардың пікірі бойынша педагогтердің басым көпшілігі сүйемелдеудің жақтастары екендігі мәлім болды, сол себепті де басым көпшілігі сүйемелдеуді қолдануды қажетсінеді, дегенмен көз қарастардың әр түрлігінен түсініспеушілік болып тұратындығын айтады. Ата-аналардың көпшілігі оқу процесінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүзеге асыруда, олардың білім, білік және дағды деңгейлерінің төмендігі туралы да

ескертіп айтқан болатын. Сауалнамадан алынған нәтижелерден ата-аналар барлық жауапкершілік пен міндеттерді толығымен күштерін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарына жүктейтіндігі анықталды.

Инклюзивті білім беру жағдайында өзге ата-аналармен бірге сүйемелдеуді жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға қатынасын анықтау бойынша респонденттердің 38% маңызды деген жауап нұсқасын таңдаса, ал 32% маңызды емес; респонденттердің 30% бейтарап жауап нұсқасын таңдаған (2-сурет).



2-сурет. – Инклюзивті білім беру жағдайында өзге ата-аналармен бірге сүйемелдеуді жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға қатынасы (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Жалпы қорытындылай келе зерттеулер көрсеткендей, «ерекше» баланы тәрбиелеп отырған отбасы өздері шешімді таба алмайтын психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік сипаттағы көптеген мәселелерге тап болады. Ата-аналар баласына білікті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді көрсету үшін білімдері мен дағдылары жеткіліксіз екенін атап өтті. Тәжірибе нәтижесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеп отырған көптеген отбасында балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасының өзгешілігі анықталды. Ата-аналар өз балаларымен бірге психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қажет ететіндігін атап өтті.

Инклюзивті білім беру жағдайында өзге ата-аналармен бірге сүйемелдеуді жүзеге асыра алуды игеру үшін респонденттердің 10% өздігімен білімді жетілдіру қажет деді, 48% сүйемелдеуді іске асыруға дайындықты қалыптастыратын арнайы практикалық оқу курсы қажет, 22% инклюзивті білім беру жағдайында өзге ата-аналармен бірге сүйемелдеуді жүзеге асыру қажет десе, 20% цифрлық сауаттылығымды арттыру керек деген ойды ұстанды (3-сурет).



3-сурет. – Респонденттердің қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында өзге ата-аналармен бірге сүйемелдеуді жүзеге асыра алуды игеру үшін қажет деген ой-пікірлері

Сауалнама нәтижелерінен көріп отырғанымыздай бүгінгі күні инклюзивті білім беру жағдайында өзге ата-аналармен бірге сүйемелдеуді жүзеге асыру жеткіліксіз дамыған. Демек, инклюзивті білім беру жағдайында ата-аналармен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді бірге жүзеге асыру дайындығын қалыптастыру мәселесін қолға алу қажет. Ал ол үшін біз келесі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі кешенді міндеттері, әр балалаға арналған жеке бағдарламалар мен түрлерін басшылыққа алу негізінде іске асыруды ұсынамыз. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар әр балалаға ұсынылатын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің маңыздылығын түсініп, оларды игеруге деген әр ата-ананың уәжденген кешеннің болуы қажет. Сол мотивтердің негізінде олар теориялық білімдерін тереңдетіп, одан алған білімдерін тәжірибемен ұштастырып жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға қол жеткізеді. Ендеше инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар әр балалаға ұсынылатын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыруға дайындығын қалыптастырудың бірден бір шарты, ол осы ұсынылған бағдарламаның бірлікте жүзеге асырылуы болып табылады.

Көрсетілген нәтижелер негізінде инклюзивті білім беруді жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың отбасын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын әзірлеу қажеттілігі туындады.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланың отбасын кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысының негізгі міндеттері анықталады:

- ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланың дамуы мен әлеуметтенуі үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау;

- тәрбие-білім беру процесі барысында психологиялық-педагогикалық іс-шаралар жүйесін іске асыру;

- отбасындағы қарым-қатынастарды қалыпқа келтіру үшін ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимылды жандандыру.

Оқыту экспериментінің бағыттары: инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланың отбасын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу; ата-аналармен өзара әрекеттесу (әңгімелер, кеңестер, сауалнамалар және т.б.); баламен жүргізілетін түзету және дамыту жұмыстары. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланың отбасын кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің күтілетін нәтижелері мүмкіндігі шектеулі оқушылардың психофизикалық даму деңгейін арттыру, балалардағы эмоционалды фонды тұрақтандыру, балаларды әлеуметтендіру, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты қалыпқа келтіру көзделеді.

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің «Мүмкіндігі шектеулі балалардың күндізгі болу бөлімшесі» Арқалық қаласының түзету мектебінде, ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланың отбасына кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырған кезде жұмыстың мынадай әдістері мен нысандарын пайдалану ұсынылады: отбасымен танысу, ата-аналармен сындарлы әңгімелесу, сауалнама жүргізу, дамудағы негізгі проблемаларды анықтау мақсатында баланы диагностикалау, жеке білім беру бағытын әзірлеу үшін баламен жеке түзету-дамыту сабақтарын өткізу, ата-аналармен жеке және топтық сабақтар өткізу, баланы өзге құрдастар ортасына қосу (бірлескен іс-шаралар, мерекелер өткізу), баланың ата-аналармен бірлескен сабақтар өткізу.

Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру үшін біз келесі жұмыс түрлерінің тиімділігін атап өтеміз:

- тренингтер, бұл баласымен сенімді және ашық қарым-қатынас орнатуға бағытталған ата-аналармен жүргізілетін белсенді өзара әрекеттесу. Тренингтің кейбір тақырыптарына мысал келтірсек: «Ата-ана құзыреттілігі», «Стресті қалай жеңуге болады?», «Биологиялық ритмдер. Баланың күн тәртібі»;

- ата-аналардан баласы және отбасы мүшелері туралы ақпарат алу мақсатында сауалнама алу;
- «ерекше» баласы бар әрбір отбасы үшін сараланған тәсіл – кеңес беру тәсілі. Бұл тәсілде ең бастысы, ата-аналар балаларына сенеді және орталық мамандарының көмекшісі бола алады;

- ерекше баламен жұмыс істеу тәсілдері мен әдістеріне үйрету мақсатында ата-аналарды жеке түзету сабақтарына қатыстыру;

- арнайы бірлескен мерекелер өткізу, бұл мерекелерде ата-аналар балаларымен бірге қатыса алады, нәтижесінде ата-аналар балаларының жетістіктерін көре алады;

- логопед, арнайы педагог, психолог мамандарының жеке кеңестері.

Қорытынды

